

**Зырян ауданының мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 27/9-VI "Зырян ауданы бойынша автотұрақтар (паркингтер) санаттарын белгілеу және автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жерлерге базалық салықтық мөлшерлемелерін ұлғайту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 20/7-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 29788 болып тіркелді

Алтай ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Зырян ауданы бойынша автотұрақтар (паркингтер) санаттарын белгілеу және автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жерлерге базалық салықтық мөлшерлемелерін ұлғайту туралы" Зырян ауданының мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 27/9-VI шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-12-154 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Алтай ауданы бойынша автотұрақтар (паркингтер) санаттарын белгілеу және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық мөлшерлемелерін ұлғайту туралы";

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 505 - бабы, 509 – бабының 3 – тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 – бабы 1 – тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Алтай ауданының мәслихаты ШЕШТІ:";

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Алтай ауданы бойынша автотұрақтар (паркингтер) санаттары 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық мөлшерлемелері 2-қосымшаға сәйкес ұлғайтылсын.";

көрсетілген шешімнің 2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Салықты есептеу кезінде жерлеріне базалық мөлшерлемелері қолданылатын жақын жатқан елді мекен Алтай қаласы болып айқындалсын.".

шешімнің 1, 2- қосымшалары осы шешімнің 1, 2- қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ауданының мәслихатының  
2022 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 20/7-VII шешіміне 1 - қосымша  
Зырян  
ауданының мәслихатының  
2018 жылғы 30 наурыздағы  
№ 27/9-VI шешіміне 1- қосымша

### Алтай ауданы бойынша автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары

| № р / с | Автотұрақтар (паркингтер)                                                                                                                   | Санаттар |
|---------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
| 1       | Жер үсті шатырмен жабылған автотұрақтар (паркингтер), шатырмен жабылмаған автотұрақтар (паркингтер)                                         | 1- санат |
| 2       | Басқа мақсаттағы ғимараттарға жалғастыра салынған автотұрақтар ( паркингтер), басқа мақсаттағы ғимараттарға жапсарлас салынған автотұрақтар | 2- санат |
| 3       | Ғимараттардың астында жерасты, жерөле, цокольды немесе төменгі жерүсті қабаттарда орналасқан автотұрақтар (паркингтер)                      | 3- санат |

Алтай  
ауданының мәслихатының  
2022 жылғы 9 қыркүйектегі  
№ 20/7-VII шешіміне 2 - қосымша  
Зырян  
ауданының мәслихатының  
2018 жылғы 30 наурыздағы  
№ 27/9-VI шешіміне 2- қосымша

### Алтай ауданы аумағында автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық мөлшерлемелері

| № р / с | Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары | Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық мөлшерлемелері |         |         | Базалық мөлшерлемелердің ұлғаюы |
|---------|-------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|---------|---------|---------------------------------|
|         |                                           | Аудандық маңызы бар қалалар (Алтай қаласы, Серебрянск қаласы)                 | Кенттер | Ауылдар |                                 |
| 1       | 1- санат                                  | 7,24                                                                          | 0,96    | 0,48    | 10 есе                          |
| 2       | 2- санат                                  | 7,24                                                                          | 0,96    | 0,48    | 9 есе                           |
| 3       | 3- санат                                  | 7,24                                                                          | 0,96    | 0,48    | 8 есе                           |

